

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

2025 жылғы 26 мамыр

№ AIFC-C/CFI/2025/0018 іс

Caspian Holding FZ-LLC (БАӘ)

Талап қоюшы

қарсы

**Gazexport Limited (Сент-Винсент және Гренадиндер)
Александр Витальевич Скрипка (Қазақстан Республикасы)
Федор Владимирович Оссинин (Мальта Республикасы)**

Жауапкерлер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 20 сәуірдегі талап арыз нысанына сәйкес, Талап қоюшы 2025 жылғы 18 сәуірдегі төрелік шешімнің 76-тармағында көрсетілген шұғыл қамтамасыз ету шаралары туралы бұйрық шығару жөнінде Сотқа өтінішпен жүгінген. Бұл шешім 2025 жылғы 3 сәуірдегі Томас Крюммельдың хаты негізінде тағайындалған біржақты төреші д-р Илья Рачковпен қабылдаған, Астана халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығындағы ХТО №47/2025 төрелік ісі бойынша шығарылған.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
 - (2) Борышкерге Төтенше төреші мен Талап қоюшы «Tethys Petroleum Limited» компаниясының акцияларының қазіргі жағдайы және оларды ұстаушы туралы ақпаратты дереу ашып көрсету міндеттелсін; және
 - (3) Талап қоюшының Gazexport Limited, Федор Владимирович Осинин мырза және Александр Витальевич Скрипка мырзаның (барлық Жауапкерлер ортақ борышкерлер ретінде) банктік шоттарындағы 533 600 АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражатты бұғаттау жөніндегі қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы өтініші қанағаттандырылсын. Жауапкерлерге өздеріне тиесілі кез келген банктік немесе қаржы ұйымындағы шоттардан аталған сомадағы қаражатты алу, аудару немесе жұмсауға тыйым салынады, Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де. Талап қоюшығв қосарланған өндіріп алуға құқық берілмейді.
3. Жауапкерлерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап 14 күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы беріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшының атынан «TKS Disputes», Алматы қ., Қазақстан Республикасы, серіктес Бақыт Түкулов мырза өкілдік етті.

Жауапкерлер өкілдік етілген жоқ.